

## ҚАН ТӨГІЛДІ!..

Менің балаларым мен немерелерім – кеудесінде намысы бар ұлдарым мен қыздарым қызыл қанға боялып жатыр. Оққа ұшып өлген құрбандар он бес деп айтады, ал жарапанған жүрттың ұзын саны жүзден асқан. Бұл – екшеуден өткен ресми мағлұмат. Әлде шындық, әлде лақап, жергілікті, көлденең хабарларға қарағанда, қаза тапқандардың тізімі – бұдан әлдекайда көп, жарапанғаны екі, үш есе артық. Ал, он беске тоқтадық. Тіпті, бес адам, екі, үш адам болсын. Өз ажалынан өлген ешқайсысы жоқ. Бәрі де атылған. Айдың-күннің аманы, бейбіт заманда. Өз елі, өз жерінде. Манғыстау – Жаңа-Өзен мен Шетпеде. Кім атты? Неге атты? Атуға жарлық берген кім?

Ешкім де жарлық берген жоқ дейді Ішкі істер министрлігі. Құқық қорғау күштері өз еркімен каруланып, өздері атқан. Пәленбай деген жағдайда түгенбай заң бар көрінеді. Ешкім жарлық бермеген. Енді бұл өлім қарулары қоймада түрған жерлерінен өз беттерімен ытқып шығып, ешкім кезенбей-ақ өз беттерімен жусатып атты десе де сенетін жағдайға жеттік. Бұрын «құдайсыз курай сынбаса», «елбасының тапсырмасынсыз» шөп басы қимылдамаушы еді. «Елбасының тапсырмасы бойынша» деп сөйлейтін кез-келген үлкенді-кішілі шенеунік атаулы. Бұл жолы ешқандай тапсырма бермепті. Алайда, айтусыз орындалған іске дән риза. «Полиция өзінің міндепті қызметін дәлме-дәл орындарды және өз өкілетін заң шеңберінде жүзеге асырды» деп мағлұмдаған («Полицейские четко выполняли свой служебный долг и действовали в рамках своих полномочий по закону»).

Енді не айтасыз? Айтарымыз бар екен. Тағы да кару қолданамыз деген доңайбат. Ішкі істер министрі айтыпты. Әлбетте, бостан-босқа емес. Егер қоғамдық тәртіпті бұзып, әлдекімдерге қатер төндірсе...

Аптап жаз, ызғырық күз – жеті ай бойы ереуілдеп түрған мұнайшылар кімге қатер жасапты? Тек 16 желтоқсан күні ғана бұрқ етті. Онда да... Әлгі қаза болған боздақтардың арасында құқық қорғау орындарынан ешкім жоқ екен. Әлдебір полицейлер таяққа жығылыптымыс. Ұрып-соғып жатқан ешкімді көрмедік. Сол сәтінде бейне-таспаға түспесе, көгерген көзімен, жарылған басымен неге теледидар айнасына шығармасқа. Жарайды, солай екен дейік. Атекемнің баласының басы жарылыпты. Есесіне жапырлатып атып жықтық.

Ол рас. Жеті-сегіз ай бойы шыдаған жастар кенеттен булік бастады. Әлдебір арандатқыш күштер дейік. Қолға ілінгенді киратып жатыр. Одан соң, өздерін осы жеті ай бойы ғана емес, нешеме жылдан бері қорлап, талап келе жатқан ұжымдарға қатысты әлдебір мекеме, гимаратты өртеді. Дұрыс емес, әрине. Алайда... Қазір баяғы «темір перденің» заманы жоқ.

Жүрт әлемдегі барлық жағдайды біліп, көріп, танып отыр. Осы биыл ғана Лондонда қандай бүлік болды. Әлдебір жас жігіттің жазатайымда полиция қолынан қазаға ұшырағанына наразылық танытқан ондаған мың жас жігіттер мен қыздар көшеге шықты. Ызадан өздерін ұстай алмай, қаншама ғимаратты өртеді, қаншама машинаны жақты, полициямен кәдімгідей қақтығысты. Әрине, шектен шығып кеткен еді. Бірақ осы, екінші күнге созылған, Лондоннан озып, басқа да үлкен қалаларға жайылған бүлікке өкімет күштері тарабынан бір де оқ атылған жоқ. Қуды, таратты, қаншамасын тұтқынға алды, ақыры біразын кәдімгідей сottтады.

Мұндай жағдай әлемнің барлық елдерінде бар. Мәселен, антиглобалистер. «Үлкен жетілік» аталатын жетекші мемлекеттер басшылары кеңес өткізбек қалаға Еуропаның әр тарабынан құйылып келіп, тек қана қирату, өртеумен болады. Әлбетте, басбұзар тентектік. Керек десеңіз, қылмыс. Бірақ ешқашан оқ атылып көрген жоқ. Полиция бұзакы жастармен жағаласып журіп, шетінен ұстайды, қамайды, ақыры таратады. Мүмкін, кейбіреуін жауапқа іліндіріп жатуы да. Бірақ кісі өлімі болып көрген емес. Ал біздің «қызметіне адал» полиция бытырлатып атады.

Ал Жаңа-Өзендеңі бүліншілік басталған кезде ержүрек полицияның өміріне қауіп келді ме? Иә, үркіту бар, бірақ төбелес болуы негайбыл. Тарсылатып ату басталған кезде халық – аланда, ал полиция ай дала, алаңың шетінде тұр. Видео-түсірілімдер куәлігі осында. «Міндетті қызметін дәлме-дәл орындаған» жаужүрек полиция тас ұшпас, таяқ жетпес, қатерден қақас жерде тұрып, бейбіт халықты жусатып салған. Бұрынғы барды айтпағанда, халықаралық интернет жүйесіне жаңадан түсіп жатқан нақты куәлік осында. Алдымен, қалқандарын көтерген бойы, сап түзеп жақыннады. Содан соң жаппай, топырлатып ату басталды. Қарусыз, құрқол жігіттерді қуып жүріп, көздел тұрып. Жараланып жығылғандарын рәзенке тоқпақпен жабыла төпелеп, біржола жер жастандырды. Адам айтқысыз қаталдыққа қазір жарым дүние күә болып отыр.

Енді, өздерінің туган халқына қарсы жасаган қылмысты істерін бүркеу үшін, ескіше айтқанда, «менің сүйікті өкіметім мен туысқан партиям», яғни ең жоғарыдан ең төменге дейінгі биліктің барлық құрылымдары тек Жаңа-Өзен ғана емес, бүкіл Манғыстау халқына жала жауып, қисынсыз өтірікті қардай боратып жатыр. Советтік заман, бұдан жиырма бес жыл бұрынғы Желтоқсан кезіндегідей, өкіметтік бүкіл ақпарат құралдары жаппай, қызу науқан үстінде. Тіпті, одан әлдеқайда асып тұсті. Өзінің азаматтық құқығын қорғап шыққан шарасыз азаматтарды «бұзакылар», «азғындар» деп жариялады. Баяғы Желтоқсандағы «наркомандарға» тетелес. Алайда, басқа барлық жағынан асып тұсті. «Наразы еңбекшілердің» жалпы жиналыстары, жекелеген «патриоттардың» ашу-ызасы ештеңе емес. Баяғы Желтоқсан кезіндегідей, «ұлт зиялыштары» алдынғы қатарға шығыпты. Сорақысы сол қалпында.

«Сүттей ұйып отырған ел татулығына ешқашан қол көтерме!» – деп зекіреді бұрнада Парламент басшысы, одан соң Мемлекетік хатшы, ақыр түбінде экс-сенатор Әбіш Кекілбайұлы. «Жаңа-Өзеннен түсірілген репортажды көріп, аса ауыр әсерде қалдым... Ешкімге, ештеңеге жаны ашымайтындар... Ел естіп көрмеген сұмдық!» – дейді. Шынында да сұмдық емес пе. Қаншама қыршын жастың ғұмыры қызылып жатыр. Сөйтсек, бәрі керісінше еken. «Ел естіп көрмеген сұмдық» – «бұқіл халық қуанып тойлап жатқан мерекенің шырқын бұзған», «елдің де, жердің де қадірін білмейтін» жаңағы басбұзар жастар еken. Менің өзіммен бірге оқыған, бірге өскен, күні кешеге дейін ешбір шәй деспеген Әбіш досыма айттар сөзім жоқ. Ең үлкен мансап – қаламгерлік қызмет емес пе еді, жағынсақ ең алдымен туган халқымызға жағыну ләзім еді ғой. Бірақ Әбекен қаламын өкіметтік қызметке айырбастады, ақыры мынау. Туган халқымыз, бүгінгі жұрт, ертенгі ұрпағымыз деген аталы сөздерді былай қойғанда, Әбіш Кекілбайұлы осы Маңғыстауда дүниеге келген, бұқіл казақ, оның ішінде Маңғыстау жұртының айрықша қадір-құрметіне бөлөнген жан емес пе еді. Табаламаймын, жаным ашиды.

«Бір қызымнан бір қызым соракы» демекші, енді өз ауылыма келейін. Шығыс Қазақстан ғой. Бұл жолы сенаторлық дәрежеде нық отырған Фарифолла Есім. Академик, профессор, философ. Етеп көркем проза да жазып кететіні бар. Кезінде жақын тұтқан, қолдау көрсеткен інілерімнің бірі. Жерлес болғандықтан емес, ақыл-парасатынан, жазуынан үлкен үміт күткендіктен. Міне, осы философ-сенатор Фарифолла Жаңа-Өзен оқиғаларын: «Естіген құлаққа ауыр болды... Ланкестік, шектен шыққан әрекетке барушылық!» – деп бағалапты. Әлбетте, «қызметіне адал» полицияның оқыс қимылтына емес, «бірлігі жарасқан елдің төл мерекесі өтіп жатқанда осыншама шектен шыққан әрекеттердің орын алуына» байланысты. Ау, шырақ, Жаңа-Өзенде мұнайшылардың бейбіт ереуілі басталғалы жеті-сегіз айдың жүзі болды. Құрметті сенатор бұл жұрт әзірге «шектен шықпай» тұрғанда неге парламенттің алдына мәселе қоймаған? Неге ғана сол Маңғыстауға барып қайтпаған? Шалқып отырған қызметтің негізгі міндеті де осы, тиесілі, жүйелі заң негізінде халықтың мұддесін қорғау емес пе еді? Ендігіміз не сәуегейлік?

«Көппен көрген ұлы той» – өзінің туган халқына қарсы ғайбат айту емес еді. Жауыздықты жақтау емес еді. Жаңа-Өзен мен Шетпеден, Ақтаудан жеткен хабарларға қарап ашынасың, торығасың, ал Астана мен Алматының ресми ақпарат бетіндегі сұқытына қарап, мұлде түңіледі екенсің. Атақты ақын, алтынбай артист, пәленбай профессор, ең кереметі – күні кеше, Желтоқсан оқиғасы кезінің өзінде қаһарлы үкіметке туған халқының ашу-ыза, наразылығын қаймықпай айтқан Жазушылар одағындағы таңдама жиын... – түгелімен өз азаматтарын оққа байлаған өкімет пен партия (Назарбаев билігі мен «Нұр Отан») жағында. Ойбай, тыныштығымызға әреке келтірді, тәуелсіздік тойының шырқын бұзды деген реніш, кейіс, айыптау.

Алдыңғы Әбіш Кекілбайұлы мен Фарифолла Есім де, кейінгі Нұрлан Оразалин мен Смағұл Елубай да (естуімше басқа бір жерде Фариза

Оңғарсынова да) аланға шыққан жастарды сөгеді, сонымен қатар ешқайсысы да «Неге оқ атылды?» деген сауал қоймайды. Айтпаса да анық аңдалып тұр – атқаны жөн, мұндай азғын ланкестердің көзін құрту керек. Және манағы министр айтпақшы, тағы да қару қолданыла қалса, құба-құп.

Міне, осындай керемет. Төңірегі түгел сатып кеткен қорғансыз халық. Сөзін сөйлемек азаматтарымыздың сиқы осындай.

Нақты саны қанша екенін білмеймін, менің адамшылығы жоғары, намысы зор, тек қана әділдік аңсаған, адап, қыршын балаларым мезгіліне жетпей, көктей қылды. Шәйіт деп көніл жұбатамыз. Ендігі бір жұбаныш – қайран дүние жарқ етті де өшті, бар азаптан құтылды, оларға ендігі есек-гайбаттың да, марапат, мадақтың да керегі жоқ. Оны айтасыз, тірі қалғандар қызығатында жерге кетті. Тірі болғанда, тұтқынға алынып, адамның қолынан азап шегіп жатқандар. Еркін ақпарат құралдары арқылы Батыс әлеміне жетіп тұрған шынайы мағлұматтарға қарағанда, бұл балалардың көрмей жатқан сұмдығы жоқ. Ұрады, соғады, жанын қинайды, бәлкім кейбірін тепкілеп өлтіріп те жатыр. Жаңа-Өзендері Ишкі істер басқармасының едені тұрыпты, қабырғасына дейін қызыл қан. Ресейлік «Коммерсанть» газетінің тілшісі Владимир Соловьевтің айтуынша, жас жігіттерді ұрып-соғу оның көз алдында да тоқталмаған. Және... азаптаушы жендеттер қазақ емес, славян текті деп атап көрсетеді (19.12.2011).

Әлбетте, мәселе нәсіл-текте емес, болмыс-бітімде. Құні кеше ғана Мәскеуде орыс ағайындар Қазақ елшілігінің алдына келіп, наразылық акциясын өткізді, марқұм болған кісілердің рухына бағыштап гүл шоқтарын қойды, өздерінің реніш, пайымдарын айтты. Дегенмен, жаңағы – назар аудараптық жағдай. Бұл жендеттер басқа бір республикадан келді ме, әлде жұрт айтып жүргендей Қарағандыдан іріктеліп алынды ма – қайткенде де осы арада жаңа бір пәлекетке тұрткі болатын зәндем саясат жатыр. Біздің сүйікті өкіметіміз (қазір « билік» дейтін болыпты) жаны қысылып бара жатса, көшедегі екі масты төбелестіріп, немесе өздері-ақ араласып, басқа бір өртті тұтатып жіберуден тайынбайды. Әр тараптағы ақпарат құралдарында ұлт мәселесі де аландаушылық туғызып жатқаны кездейсоқ емес.

Олғендер – кетті, тұтқындағылар – отыр. Жаңа-Өзенге, Ақтауга сыймай, басқа қалаларға әкетіп жатыр дейді ұзынқұлақ. Қайткенде де түрме ғой. Біздегі тергеу тәсілі белгілі. Жазықты-жазықсыз балаларымыздың азабы женілірек болсын, амандықта қалсын дегеннен басқа тілеу, шарамыз жоқ. Осы орайда тағы бір сұмдықтың шеті қылтияды. Жаңа-Өзенде ізім-қайым жоғалу оқиғалары кеңінен орын алып отырған көрінеді. Өлі, тірісін ешкім білмейді. Тіпті, атыс пен шабыстан соң, жай ғана үйінен шыққан бетте жоғалу бар. Қанша кісіні тыныш жатқан жерінен суырып әкетіп жатыр – оның есебі тағы белгісіз. Хабарсыз жоғалғандардың ішінде кешегі қасап қырғын кезінде қаза тапқандар болуы да мүмкін. Ресми есепте өліктің саны он бестен аспай отыр ғой. Ендеше бейресми шәйіттердің сол беті жоғалуы ғажап емес.

Халқымыздың басына осыншама қасірет түскен бүгінгі күні не айтамыз...

Бұрын да бастан өткен жағдай. Осыдан тұра 25 жыл бұрын, айы мен күніне, тіпті, сағатына дейін сәйкес келген Желтоқсан. Онда... Совет өкіметі еді ғой. Компартияның күн көсемдері билеген. Ал қазір Егемен... Тәуелсіз... емес. Ол рас, де-юре – қағаз жүзінде тәуелсіздік алдыңыз, алайда де-факто – іс жүзінде бәрі баз-баяғы қалпында. Керек десеніз, бұрнағыдан да сорақы. Желтоқсанда Совет өкіметі жастарға қарсы оқ атпап еді ғой, иә, айрықша қаталдықпен жаңыштады, сапер күрекпен, рәзенке тоқпақпен ұрды, тепкілеп, төмпештеп те жатты, бірақ қалың жұртқа оқ жаудырған жоқ. Ал қазіргі – Совет Одағының ыдырауының нәтижесінде еріксізден, ең сонынан дербестік жариялаған Қазақстан өкіметінің басында қалған байыргы қызылдар Жаңа-Өзенде қарусыз халықты қойдай қырды. Және өзімнің бар ісім дұрыс деп, бас көтерсөндер, қит етсөндер тағы да атамын деп, қоқандап отыр. Бүгінде Жаңа-Өзеннің не болғанын білмейміз. Ақтаудағы мындаған ереуілшіні мылтықтың оқпанын тіреп, әрек ұстап отыр. Басы бұла жұртты қорқытып-ұрқіту, өлгендердің аруағына тіл тигізу, тұтқындарды азаптау әлі жүріп жатыр. Бұдан артық қандай қызық керек?

Ендеше, бүгінгі Қазақстан – қазақ халқының өзіндік мемлекеті емес, билік басындағы барлық әкім-қара – ең үлкен Жармағынан бастап, ең кіші жандайшабына дейін – қазақ халқының өз өкіметі емес, керек десеніз, қазақстандық халықтың да өкіметі емес. Мұны мына мен айтып отырғам жоқ, қазірде аз-маз көзі ашық, саңылаулы санасты бар кез-келген адамға белгілі жағдаят. Баяғыда, жалғыз-ақ күнде бүкіл қазақ Совет саясатының қыр-сырын ұғынып еді. Жаңа-Өзендеңі қасап қырғын одан асып түсті.

«Тәуелсіздік мерекесінің шырқын бұзды!..» дейді ғой. Шын тәуелсіздік күні алда. Сол кезде шындаң тойлаймыз. Бүгінгі жасөспірім балаларым тұрыпты, жетпістің ішіне кірген мениң өзім осыған сенем.

Бір пара сөзіміз осымен тәмам. Айтарымыз көп еді, соның аз ғана бір бөлшегін сыртқа шығардық.

Ең соңғы лепес – халқына қарсы оқ атқан қылмыскерлер өздерінің жеке басын қауіпсіз сезінеді екен. Алдамшы қиял. Аз ба, көп пе уақыт өткенде бәрі де тергеледі, бәрі де әділ зан алдында жауап береді.

20.XII.2011.